



www.facebook.com/syrboyi.kz/



www.instagram.com/syrboyi_kz



https://twitter.com/syrboyi



t.me/syrboyi_kz

ПРЕЗИДЕНТ



ТЫҒЫЗ ЫҚПАЛДАСТЫҚ ТАБЫСҚА ЖЕТКІЗЕДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қос Киенің сакшысы – Сауд Арабиясының Королі Салман бен Әбделазиз Әл Саудтың шақыруымен Джидда қаласына ресми сапармен барды.

Қазақстан Президентінің әуежайда Корольдің кеңесшісі әрі Мекке провинциясының губернаторы Фейсал Халид бен Әбделазиз, сондай-ақ Сауд Арабиясы Корольдігінің Қоршаған ортаны қорғау, су ресурстары және ауыл шаруашылығы министрі Абдурахман Әл-Фадли қарсы алды.

Корольдің «Қаср Ас-Салам» сарайында Күрмет қарауының бастығы екі ел басшыларына рапорт берді. Қазақстан мен Сауд Арабиясының арасындағы ынтымақтастық және қарым-қатынасты нығайту мақсатында ресми делегациялардың мүшелері таныстырылғаннан кейін Мемлекет басшысы мен Тақ мұрагері келіссөз жүргізді.

Қасым-Жомарт Тоқаев Мұхаммед бен Салман бен Әбделазиз Әл Саудқа ілтипат білдіріп, шақырғаны және қонақжайлық көрсеткені үшін Сауд Арабиясының Королі мен Тақ мұрагеріне алғыс айтты. Қазақстан Президентінің айтуынша, Мемлекет басшысы ретінде Сауд Арабиясына алғаш рет келгендіктен, бұл сапардың маңызы зор.

Келіссөз барысында сауда-экономикалық және инвестициялық ынтымақтастық мәселелері талқыланды.

Мұхаммед бен Салман бен Әбделазиз Әл Сауд елдеріміз арасындағы қатынастар деңгейі жақсы екенін атап өтіп, оны әрі қарай нығайтып, дамыту үшін мүмкіндіктер мол екенін айтты. Сондай-ақ бұл бағыттағы жұмыстарды жан-

дандыру қажет екенін тоқталды. Оның айтуынша, бұл ретте Қазақстан мен Сауд Арабиясының бизнесмендерін біріктіретін Іскерлік кеңестің рөлі зор болмақ.

Қасым-Жомарт Тоқаев Тақ мұрагерін Қазақстанға мемлекеттік сапармен келуге шақырды. Мұхаммед бен Салман бұл шақыруды қуана қабылдайтынын айтып, қол жеткізілген уағдаластықтарды жүзеге асырудың нақты нәтижелерін талқылау үшін Қазақстанға сапармен келуге дайын екенін жеткізді.

Мемлекет басшысының Сауд Арабиясына ресми сапарының екінші күні елдің іскер топтар өкілдерімен өткен инвестициялық дөңгелек үстелге қатысудан басталды. Екі елдің инвестиция, экономика, сауда және қаржы салаларындағы ықпалдастығын нығайту кездесудің негізгі тақырыбы болды.

Мемлекет басшысы ынтымақтастықты кеңейтудің мейлінше перспективті салаларын белгілеп берді. Ең алдымен, бұл екіжақты сауда-саттыққа қатысты. Қасым-Жомарт Тоқаев Қытай, Қазақстан, Әзербайжан, Грузия және Түркия арасын жалғастыратын көлік-транзит және логистикалық мүмкіндіктерді, соның ішінде Транскаспий бағдарын әртараптандыруды және кеңейтуді екінші маңызды бағыт ретінде атап өтті.

Эпидахуал күрделеніп барады

Елімізде коронавирус инфекциясын жұқтыру жағдайы өткен айдың ортасынан бері көбейе түсті. Бір аптаның өзінде аты жаман індетпен ауырғандардың деңгейі 3,2 есеге өскен.

Мәселен, өткен тәулікте індет жұқтырған 2054 адам тіркелді. Оның басым бөлігі Нұр-Сұлтан, Алматы қалалары мен Қарағанды облысында анықталды. Ал Нұр-Сұлтан қаласы 21 шілденен бастап «сары» аймаққа енді. Қалғаны, «жасыл» аймақта.

С Актілек БІТІМБАЙ,
«Сыр бойы»

40 МЫҢ ДОЗА КҮТІЛУДЕ

Вакциналау деңгейі енді «омикрон» нұсқасының ерекшеліктері мен денсаулық сақтау жүйесінің дайындығын ескере

отырып жүргізілімек. Аймақтар 100 адамға шаққандағы вирус жұқтырғандар санына қарай емес, ауруханалардағы төсек-орын көрсеткіштеріне қарай анықталатын болады. Олар бұрынғыша «жасыл», «сары»

және «кызыл» болып үшке бөлінеді. Бұл туралы Премьер-Министрдің орынбасары Ералы Тоғжанов ел аумағында коронавирус инфекциясының таралуына жол бермеу жөніндегі ведомстваралық комиссияның отырысында айтты.

Мамандардың сөзіне сенсек, аймақ «сарыға» кіргенде бетперде тағуға кеңес беріледі, бірақ оны тағу міндеттелмейді. Ал «кызыл» аймаққа енгенде Ашық жүйесі қайта іске қосылуы мүмкін. Шарттары да өзгеруі ықтимал.

Ал жағдайды күрделендірмес үшін дерттен қорғану керек. Оның жалғыз амалы – вакцина алу. Елде COVID-19-ға қарсы вакцина егу науқаны әлі жалғасуда. Қазіргі таңда Қазақстандағы егу пункттерінде вакцинаның 1,6 млн дозасы дайын.

– Бүгінде облыстағы егу пункттерінде барлығы 2530 доза вакцина бар. Оның 115-і «Pfizer» вакцинасы, қалғаны «QazVac» екпесі. Денсаулық сақтау министрлігінің бөлісіне сәйкес, алда қосымша 30 мың доза «Sino-vac», 10 мың доза «QazVac» күтілуде, – дейді облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Жангелді Мырзагелдіұлы.

2-бет

СҰХБАТ

Кешегі кеңестік кезінде елімізде ауыл шаруашылығы саласы қарқынды дамыды. Оның ішінде Сыр өңірі күріш өндірісінің дәстүрлі ізін қалыптастырып, осы жолда тер төккен қаншама Еңбек ерлерінің есімі тарихта қалды. Егін саласының жұмысы қазір де қарқынды жаңа техникаларды пайдалану арқылы жыл сайын өнім сапасы артып келеді. Оның аясында ел ішіндегі бірқатар әлеуметтік мәселелер де шешімін тауып отыр. Біздің айтпағымыз, сол кеңестік қоғам тұсында мал шаруашылығын дамытуға да ерекше мән берілді. Қызылқұм мен Қарақұм қойнауы құтты мекенге айналып, аудандағы мал шаруашылықтарының ісі ілгері басқан еді. Осы жайында Жалағаш ауданының Күрметті азаматы, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Садық Әліұлы ағамызбен әңгімелескен едік.



2-бет

ҚАРАҚҰМ ҚОЙНАУЫНДА мал басын көбейтуге мүмкіндік мол

– Сіз ауданда көп жыл басылылық қызметтер атқардыңыз, оның ішінде ауыл шаруашылығы саласын бағдардыңыз, сондықтан бұл салада сіздің айтарыңыз көп шығар...

– Ауыл шаруашылығы туралы айтқанда, мал шаруашылығы – оның үлкен бір саласы. Кешегі кеңестік кезең тұсында ауданда орташа есеппен 100-150 мыңдай қой болса, 10-15 мыңдай жылқы, 2 мың шамасында түйе болды. Осы түліктің барлығы жаз мезгілінде Қарақұм мен Қызылқұмды жайлайтын. Жердің құнарын көріп, мал басының өсімі артқанына көзі

жеткен аудан басшылары Қарақұмды тек жазда ғана жайлаумен шектелмей, малды қыстату жөнінде мәселе көтерді. Ол кезде Жалағаш совхозында (қазіргі Қаракеткен ауылы) 50-60 отар шамасында қой болатын. Соның 20 отарын 1986 жылы Қарақұмда қыстап қалдыруды қолға алып, ол үшін қыстаулар, шағын ферма орталығы салынып, 5-6 жыл қыстады. Кейін заман өзгерді, қоғам өзгерді, басталған жұмыстар аяқсыз қалды. Салынған құрылыстар бұзылып, әркімнің қолында кетті.

2-бет

«АРТСПОРТТАҒЫ» ахуал қалай шешіледі?

Өткен жылдың мамыр айында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы аясында балалар мен жасөспірімдерге арналған шығармашылық және спорт үйірмелерін жан басына қаржыландыру бағдарламасы қолға алынды. Алайда жыл өтпей бұған байланысты кейбір проблемалар көлденеңідеді. Өтінімдер күрт көбейіп, өнім берушілер саны артып кетті. Осының салдарынан облыста биылғы жылға қаралған қаржы небәрі төрт айдың төлемін өтеуге ғана жеткен.

С Әділжан ҮМБЕТ,
«Сыр бойы»

Облыстық мәдениет және спорт басқармасының басшысы Руслан Рүстемовтің айтуынша, өңірде үйірмелер спорт саласында былтыр маусым айында басталса, шығармашылық бағытта тамыздан бері жас өрендерге есігін ашты. Сол арқылы спортқа 13 үйірмеде 2492 бала бос уақытын тиімді пайдалануға мүмкіндік ала, шығармашылық бойынша 16 үйірмеге 4820 бала қатысты. Нәтижесінде былтыр аталған жұмыстарға 228 млн теңге қаржы жұмсалды.

– Айтпа кетерлігі, был өңірде өтінімдер саны күрт өсіп кетті. Спорт саласы бойынша 53 өтінім беруші тіркелсе, онда 7591 жеткіншек үйірмеге қатысуға мүмкіндік алды. Ал шығармашылық саласында 60 өнім берушіге артып, онда 15619 бала тіркелгені нақтыланды. Аталған үйірмелерді жыл соңына дейін қамтамасыз ету үшін 2,4 млрд теңге қажет. Ол өткен жылға бөлінген қаржыдан 17 есе көп. Сондықтан қосымша 132 өнім берушінің өтінімі бойынша ваучер тіркету 24 ақпаннан бастап тоқтатылған. Биыл облыстық бюджеттен шығармашылық және спорт бойынша мемлекеттік тапсырысқа 1,4 млрд теңге қаралған. Бюджетті нақтылау кезінде оның 200 млн теңгесі қосымша бөлінді. Бұл қаражат 4 жарым айдың төлемін өтеуге ғана жетті, – деді басқарма басшысы.

2-бет

КӘСІП ПЕН НӘСІП

Ыстық нанды ықыласпен ұсынады

Арал ауданында жеке кәсіппен айналысатындар қатары көбейіп келеді. Олардың дені өз кәсібін дамыту мақсатында мемлекеттің қолдауымен кәсіптерін кеңейтуде. Сондай азаматтың бірі – Серікбай Саянов. Ол жуырда ғана өзі иелік ететін «Қуантқан» азық-түлік дүкені жанынан наубайхананы іске қосты.

С Актілек БІТІМБАЙ,
«Сыр бойы»



халықтың қалтасына ауырлық салмас үшін 80 теңгеден сатып жатырмыз, – дейді кәсіпкер. Аудан орталығы болғасын наубайханалардың мол болатыны сөзсіз. Дегенмен тұрғындар нанды үйіне жақын жерден алғанды жөн көреді. Кәсіп иесі бұл жайды да ескеріпті. – Тұрғындарға ыстық нан қажет. Сол себепті нанды белгіленген мөлшерден артық пісірмейміз. Аспаздарымыз мықты, өз жұмысын жауапкершілікпен атқарады. Наубайханада нан пісіретін

жабдықтардан басқа нан өнімдеріне арналған стаклаж, май мен қамырды сактайтын тоназтыкыштар мен мұздатқыш, арнайы қалыптар да бар, – дейді ол.

Кәсіпкердің мақсаты белгілі – кәсібін кеңейту. Қазір ол пісірілген нан өнімдерінің басым бөлігін өзінің «Қуантқан» азық-түлік дүкені арқылы сатуда.

Ең бастысы, кәсіпкердің тұтынушылармен ауызбіршілікте еңбек етіп жатқандығы қуантады.

2-бет

Болат Өтемұратов қоры облыс әкімдігімен бірлесіп, «Жас лидер академиясы» бағдарламасын іске қосуда. Бағдарламаның мақсаты – 5-11 сынып оқушылары арасында көшбасшылық қабілеттерін шыңдап, оны дамыту жолдарын қарастыру. Алдағы 5 күн ішінде қалалық және аудандық мектептерден келген мұғалімдер аудиториясы алында сөйлеу, уақытты жоспарлау және басқару, өзін-өзі таныстыру, өзіне деген сенімділікті дамыту сынды дағдыларды үйренеді.

«ЖАС ЛИДЕР АКАДЕМИЯСЫ» жұмысын бастады

Екі апта ішінде облыс бойынша 25 мектептен 75 мұғалім тренингке қатысады. Олар факультатив сабақтардың бағдарламасымен танысып, курсты жүргізу әдістерімен айналысады. Әдістемелік құралдар қазақ мектептері үшін мемлекеттік тілде әзірленген. Тренингтік оқыту барлығына үйреншікті лекция түрінде емес, интерактивті нысанда өтеді.

– Бұл тренингте мұғалімдер факультатив сабақтарын өту, тақырыптар мен әдіс-тәсілдерді қалай қолдану керетін үйренеді. Мұнда өткен факультатив сабақтардың жиынтығын тек курс қатысушылары ғана пайдалануға құқылы. Тренинг аяқталып, қатысушылар курстан толық өткеннен кейін арнайы сертификаттар беріледі, – деді тренер Ербол Әмірзақов.

Тренинг аяқталғаннан кейін мұғалімдер өз мектептерінде «Жас лидер академиясы» бағдарламасы бойынша факультативтік сабақтар өткізе алады және одан әрі жұмыс істеу үшін келесі оқу жылында мектеп оқушыларына арналған толық материалдар пакетін алады.

Жалпы бұл жоба 5 жылға дейін жалғасады. Дәріс алатын 75 мұғалім бір жылдың көлемінде үйренген әдіс-тәсілдерін факультатив сабақтарында пайдаланып, есеп береді.

Айта кетейік ең алғаш Түркістан облысы мен Шымкент қаласының 12 500-ден астам оқушысы «Жас лидер академиясы» бағдарламасының бірінші кезеңінде білім алды. Келесі кезеңде Жамбыл, Атырау, Маңғыстау, Батыс Қазақстан, Ақтөбе және Алматы облыстарында өтеді.

«СБ» ақпарат

ТАРИХТА ОСЫ КҮНІ

Бірінші жалпықазақ съезі

Осыдан тура 105 жыл бұрын, 1917 жылы 21-26 шілде аралығында Орынборда Бірінші жалпықазақ съезі Ақмола, Семей, Торғай, Орал, Жетісу, Сырдария, Ферғана облыстарынан және Бөкей ордасынан келген өкілдердің қатысуымен өтті. Съезде Х.Досмұхамедұлы төрағалық, А.Байтұрсынұлы, Ә.Көтiбiрoв, М.Дулатұлы, А.Сейтoв хатшылық етті.

С Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА,
«Сыр бойы»

Оның қорытындысымен «Алаш» партиясын құру туралы шешім шығарылған. «Съезд қаулысы халыққа мағлұм. Партия ұраны десек, бабамыздың «Алаш» ұранынан артық ұранды іздесеқ те таба алмаймыз. Сүйтіп қазақ саяси партиясының атын «Алаш» қою әуре болмастан ауызға түсіп тұр. Жалпы қазақ съезінің қаулысын қабыл етіп, қазақ өз алдына саяси партия болуын қостайтындар сайлауда кандидат списогін «Алаш» партиясының списогы деп жүргізулері керек» деп жазды «Қазақ» газеті сол уақыттағы нөмірлерінің бірінде.

Тағы да осы «Қазақ» газетінде Міржақып Дулатұлы: «Ресейде неше түрлі партия бар. Бірақ ешқайсысының бағдарламасы қазақ ұлтының мұрат-мүддесіне сай келмейді» деп жазыпты. Зерттеушілер бұл кезеңде қазақ зиялылары ұлттың жоғын жоқтайтын партия құруды көздеген дейді. «Алаш» партиясының тарихына үңілгенде, оның бастауында Орынбордағы І жалпықазақ съезі тұрғанын көреміз. Осы басқосуға қатысты мағлұматтарға зер салғанда, қазақ зиялылары мемлекетшілдік мүддесін айқын танытқаны аңғарылады.

8-бет



ТЫҒЫЗ ЫҚПАЛДАСТЫҚ ТАБЫСҚА ЖЕТКІЗЕДІ

Оның пікірінше, ынтымақтастықтың мол әлеуетін экономикалық нақты секторында да пайдалануға болады. Қазақстан мен Сауд Арабиясының мұнай химиясы, атом энергетикасы, жасыл сутегі өндірісі салаларын дамыту, ғарышты зерттеу жөнінде және басқа да бағыттар бойынша жоспары бар.

Президент отандық агросектордың әлеуетіне де тоқталды.

Қазақстан егістік көлемі бойынша жан басына шаққанда әлемде екінші, жайылымдық жерлер жөнінен бесінші орын (180 миллион гектар) алады. Еліміз бидай өсіретін және ұн өндіретін 10 ірі мемлекеттің қатарына кіреді. Біз Корольдікке жоғары сапалы бидай, ұн және майлы дақылдарды тұрақты әрі ұзақ мерзімді жеткізуші елдердің бірі болуға дайынбыз, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

1-бет

«АРТСПОРТТАҒЫ» ахуал қалай шешіледі?

Статистикалық мәлімет бойынша, облыста 4-17 жас аралығындағы 243,3 мың бала бар. Олардың 23,2 мыңы үйірменен қамтылған. Бұл — шамамен 9,5 пайыз.

Мамандар «Артспорт» бағдарламасын сүйемелдейтін нормативтік-құқықтық актінің толық жетілмеген түрінде бақылданғанын айтады. Оның ішінде тәуекелдердің ескерілмеуі, өзге де бағдарламалармен интеграцияланбауы секілді жағдайлар бар. Сондай-ақ, бақылау жұмысын жүргізуге кедергі келтіретін себептер де жок емес. Атап айтқанда, олардың тиісті нормативтік актілердің талаптарын бұзу, нақты деректерден ауытқу, бала жасының әдістемеге сәйкес келмеуі, жеткіншіктердің нормативтен тыс бірнеше үйірмеге тіркелуі секілді проблемалар кездеседі. Осындай жағдайларға байланысты елімізде аталған үйірмелерді қаржылай қамтамасыз ету өзекті мәселеге айналды.

Облыс әкімінің Қызылорда қаласы мен аудандар тұрғындарымен кездесуінде бұл түйткіл бірнеше мәрте көтерілді. Мемлекет басшысы Үкіметтің кеңейтілген отырысында осыған байланысты тиісті тапсырмалар берді. Соған сәйкес құқық қорғау және мемлекеттік аудит органдары тарапынан тексеру жұмыстары жүргізілуде. Сондай-ақ, облыс әкімдігі тарапынан тиісті сала мамандарынан жасасқан мониторингтік жұмысшы тобы құрылды. Нәтижесінде талдау, зерделеу жұмыстары атқарылуда. Мәдениет және спорт министрлігі тарапынан қолданыстағы қағидаларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу, бағдарламаны жетілдіру мәселесі

1-бет

— Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, Қазақстанның Сауд Арабиясымен арадағы екіжақты ынтымақтастықты нығайтуға және кеңейтуге бейілді екенін растағым келеді. Бүгін осында бүкіл әлемде айтарлықтай табыстарға қол жеткізген Сауд Арабиясының ірі компанияларының басшылары катысып отыр. Мен бөрінізде өзара тиімді негізде Қазақстанда бірлесе жұмыс істеуге шақырамын, — деді Қазақстан Президенті.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Сауд Арабиясының Мемлекеттік инвестициялық қорын (PIF) басқарушы Ясир Әл-Румайнен кездесті.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның әртүрлі салалар бойынша өзара тиімді ынтымақтастықты жүзеге асыруға ниетті екенін атап өтіп, өзара ортақ мүддені көздейтін жобаларды жүзеге асыру үшін инвестициялық қор мен «Самурх-Қазына» АҚ және «УБХ «Байтерек»

компаниялары арасындағы тығыз ықпалдастықты жолға қоюды ұсынды.

Мемлекет басшысы Сауд Арабиясының бірқатар кәсіпкерлерімен жеке кездесу өткізді. Атап айтқанда, Президент Ajlan & Bros Holding Group холдингікті топ басқармасының басшысы Аджан бен Әбделазиз Әл-Адждланмен және Aswa Power компаниясы директорылар кеңесінің төрағасы Мұхаммед Әбунаймен әңгімелесті.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Ислам даму банкінің басшысы Мұхаммед Сулейман Әл-Джассермен экономиканың түрлі салаларындағы бірқатар бірлескен жобалардың жүзеге асырылуына барысын талқылады.

Мемлекет басшысы Ислам ынтымақтастығы ұйымының Бас хатшысы Хиссейн Брахим Тахамен кездесті. Кездесу барысында Қазақстан Президенті мен ИБҰ-ның Бас хатшысы

аймақтық және халықаралық күн тәртібіндегі өзекті мәселелер туралы, сондай-ақ Қазақстан мен Ислам ынтымақтастығы ұйымы арасындағы ықпалдастықты одан әрі тереңдетудің перспективалары жөнінде пікір алмасты. Кездесу соңында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Хиссейн Брахим Тахананы Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының VII съезіне қатысуға шақырды.

Қазақстан мен Сауд Арабиясы арасындағы достық пен серіктестікті нығайтуға қосқан зор үлесі үшін Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Король Салман бен Әбделазиз Әл Саудты еліміздің ең жоғары мемлекеттік наградасы — «Алтын Қыран» орденімен марапаттады. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Джидда қаласына ресми сапары аясында Сауд Арабиясы тарапынан орденді салтанатты түрде табыстау рәсімі өтті.

Эпидемиологиялық күрделеніп барады

МӘСЕЛЕ — ҚОҒАМДЫҚ ОРЫНДА

Денсаулық сақтау министрлігінің айтуынша, қазір 19 бен 29 жас аралығындағы адамдар жиі ауырады. Бұған себеп — жастардың көпшілік жиналатын жерлерге, яғни, дәмханаларға, сауда үйлеріне және кинотеатрларға жиі баруы.

Облыста 205 инфекциялық төсек-орын бар. Соның ішінде ауыр және аса ауыр жағдайдағы науқастарға 36 реанимациялық төсек орын даярланған. Қазір инфекциялық стационарларда 91 науқас, реанимациялық төсек орындарында 5 науқас ем алууда. Индет күшейген жағдайда инфекциялық стационарлар 3200 адамды қапты алады, — деді Ж.Мырзагелдіұлы.


Қазіргі уақытта аймақтағы эпидемиологиялық мезгілі бір тәулікте 36 жағдай

тіркеліп, 23 адамнан ауру симптомдары анықталған.

Өңірде эпидемиологиялық тұрақты деп саналғанымен коронавирус инфекциясының пандемиясы әлі аяқталған жоқ. Ай басында небәрі 6 адам ауру жұқтырса, бұл көрсеткіш бірнеше есеге артып отыр. Сондықтан вакцинация мен ревакцинациядан өткен жөн. Жалпы, бұған дейін I және II компоненттен 500 мыңнан аса адам екпе алса, 240 мыңға жуық адам ревакцинациядан өтті. Бұл ұжымдық иммунитетті қалыптастыруға және тұрақты эпидемиологиялық жағдайды ұстап тұруға өз септігін тигізеді, — дейді облыстық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары Әлия Әбдіқайымова.

Оның айтуынша, қазірдің өзінде 12-17 жас аралығындағы 75 186 жасөспірім «Pfizer» препаратымен вирусқа қарсы екпе алған.

1-бет



ҚАРАҚҰМ ҚОЙНАУЫНДА мал басын көбейтуге мүмкіндік мол

Әлі есімде, 1986 жылдың көктемінде жауынның аз болуынан Қызылқұмда құрғақшылық болды. Бізге белгілі, Қызылқұмда мұндай жағдай оншақты жылда кайталанп тұрады. Сондықтан мал басын аман сақтау үшін Қызылқұмды қыстап отырған Ақжыра мен Жаңадария совхоздарының шопандарын қой төлдетіп болған соң Қарақұмға көшіруге мәжбүр болдық. Жол ұзақ, құдықтар мен скважиналардың арасы 50-60 шақырымдай болады. Сондықтан қозылар шөлдеп қалмас үшін «водогазды» жетекке алып, мал басын аман-есен Қарақұмға жеткізді. Бұған дейін ол жақта Жалағаш совхозының шопандары жайлаған болатын. Шаруашылықтар малдың қысық өрісіне тимей, бер жағына ғана жайғасты. Оның үстіне, сол жылдары Коммунизм совхозы мал бордақшалауға шыққан. Барлығы 4-5 мың ірі қара, оның 500-600 басы бордақшаға қалса, қалғанын түгел Қарақұмға айдады. Оған қоса күріш совхоздарының сауында тұрған сиырларынан басқасы да Қарақұмға шығарылды. Осы кезде ауданның бүкіл малы Қарақұмда болды десек қателеспейміз. Мұны айтып отырған себебim, Қарақұмның жайылымы, шөбі, суы мал өсіруге қолайлы екенін осыдан-ақ білуге болады. Байытпап қарасақ, бұл — ауыл шаруашылығы саласы үшін үлкен резерв. Қазір ауылдарда мал өсіруге жайылымдық жерлердің жетіспеуінен қаншама дау-дәмді, өкпе-ренштер туындап, проблемға айналып отыр. Бұл мәселені шешудің бірден-бір жолы да осы Қарақұмды игеру.

Қазір Қызылқұм мен Қарақұмды қоныстанып отырған бірлі-жарым бақташылар бар ма?

Қызылқұм жақта кезіндегі Ақжыра, Жаңадария совхозының ізмен әрі кетсе 5-6 отар шамасында қой ұстап отырғандар бар болуы керек. Ал Қарақұм қойнауы сол күйі бос жатыр. Бір жылдары мына тұрған Ақсу ауылының бақташысы жылқыларын айдап барып, Қарақұмның бергі жағын жайлап қайтты. Содан кейін ат ізін салған ешкім жоқ.

Меңің балалық шағым Қарақұмда өтті. Әкем түйе бақты. Қарақұмда 1957-1958 жылдарға дейін болды. Содан болар, осы жаққа көңілім ауып тұрады. Кешегі қызметте жүрген кезімде болса да Қарақұмнан қол үзгенім жоқ. 1-бет

Кейін зейнеткерлік демалысқа шыққан соң да реті келсе сонда барып тұрамын. Өздеріңіз білесіздер, 1929-1930 жылдары Қарақұм көтерілісіне қатысқан қаржылы жерлесіміз, тарихшы, жазушы Ахмет Тілеулиевтің көркем шығарма желісінде кітабы шықты. Осы кітаптағы деректерге сүйеніп, аудандан арнайы экспедиция жасакталып, 2013 жылы көтеріліс қаһармандарына арнайы құран бағыштап, Қарақұмда белгі қойылды. Бұрын Қарақұмның бер жағынан, Нұраддан қайтып жүр едік, осыдан екі жыл бұрын құмның ішіне дейін бардық. Бұрын төбе-төбенің құмы көрiнiп, ақшағылданып жататын. Қазір бәрін шөп басып кеткен. Бірақ ол шөпке жайылып жүрген бір мал жоқ. Обал-ай дейсiн... Баратын жерiмiзге жеткенше, астымыздағы көлік қалың шөпті қак жарып отырды. Шіркiн, қанша мал болсын, осында әкiлiп жайып жіберсе, қысы-жазы қамсыз отыруға болар еді. Әсіресе, жылқы, түйе малы өз аяғымен жайылады. Тек қойды қыстағатын болса, шөп дайындау қажет.

Сөзіңізде қарасақ, жайылымның құнарлы екеніне дау жоқ, дегенмен су мәселесі қалай болады екен?

Кезінде ол жақта арнайы скважиналар қазылған ғой. Одан бөлек, қадiмгi құдықтар да бар. Ауданның ауыл шаруашылығы басқармасын басқарған уақытыmda мұндағы бүкіл скважиналарды есепке алып, босқа ағып тұрғандарын жауып тастағанбыз. Осы күні сол скважиналарды қайтадан ашып пайдалануға әбден болады. Айтайын дегенiм, қазір мемлекеттiк бағдарламалармен жылқы өсіріп жатқан жеке шаруашылықтар бар. Бірақ олар бұл жаққа келуді қиынсынады. Сондықтан Қарақұм қойнауында мал өсіруге бағытталған арнайы мемлекеттік бағдарлама қарастырылып, оған қол жеткізілсе деп ойлаймын. Оған қол жеткізілсе деп ойлаймын.

Қазір Күн энергиясының жұмыс істейтін электростаналары бар. Терминалдардың тұр-тұры бар, ұялы байланыс қосылып тұр. Тіпті жас отбасылар айналысатын болса да барлық мүмкіндік бар. Өйткені бұл жерде көп жылдан бері мұнайшылар қалашығы орналасқан. Жолы да жақсы, сол мұнайшылар тас жол төсеген. Осының бәрін тиімді пайдаланып, жері құнарлы, шөбі шүйгін Қарақұм қойнауында мал өсіруге қолға алса, ең өндiру бағытында ең бiр нәтижелi жұмыс

болар еді. Оған ешкімнің дауы жоқ. Әрiне, ірі қара малын өсіріп, сүтi өндiруге де болады, бiрақ сүтiн тасымалы қиындау шығар. Дегенмен, сүтiнiмiн күрт-ірімшiк, қаймақ пен сары майды дайындаса, бүгiнгi күнi нағыз сұранысқа лайық өнiмдер. Сол сияқты, жаңа технологияны пайдаланып, қымзы, шұбат өндiрiсiн дамытса қандай керемет? Иә, сол заманда Қарақұм жайлауын көрген адамдардың (қазір олардың да қатары қалмай барды) көкірегінде көп ойлар сайрап тұр. Бірақ қолдан келер дәрмен жоқ.

Ел тәуелсіздік алған жылдары ескіден келе жатқан жұмыстың бәрі құрылға кетті ғой... Жалпы сол тоқсанжылғы жьылдарда бейiн ауданда 24 мыңдай ірі қара болды. Ал, қазір одан екі-үш есе көбейтуге мүмкіндік бар. Ол үшін әлгiнде айтқанымыздай, ұзақ мерзімді мемлекеттік бағдарлама қарастыру керек.

Әңгімеге арқау болатын бір мысал айтамын, ертеректе сол Қарақұмда ауа райын болжайтын метеостанса болған. Онда бір орыс жігіті жұмыс істейтін. Әлгi бiз баратын жылы ол жігіт отбасымен сонда тұратын. Азын-аулақ малы бар екен. Кейін кеңес өкіметі тарап кетсе де Қарақұмнан көшпей қалыпты. Оны білетiнiм, 1993-1995 жылдары аудан бюджетіне мұнайшылардан салық түспей қалып, арнайы жұмысшы топ мәселені мән жайын анықтауға Қарақұмға барғанбыз. Барған еңбегіміз қайтып, мұнай компаниясының бiздiң ауданға қарасты аумақтан мұнай алып жатқан жерінен кездестіріп, тиісті салығмызды өндiрген едік. Сол сапарда әлгi орыстың отбасымен ұшырастық. Жағдайы жақсы, 300-дей сиыры бар екен. Демек, мал өсіруге қолайлы екені белгілі болып отыр. Бертiн келе, оның малын ауданның бір азаматы са-тып алып, шаруашылығын дамытып отыр. Осының өзi Қарақұмда сиыр малын қысы-жазы өсіруге болатындығының нақты дәлелі.

Мұнда еңбек етіп жатқан мұнайшылар ауысымдық (вахта) ретілікпен жұмыс істейді. Оларға барынша лайықты жағдай жасалып отыр. Тіпті Қарақұмда қоныстану қиын дейтін болса, мал шаруашылығын да осы ретілікпен ұйымдастырса болады емес пе? Ал, дайындалған өнімді тасып алу қазір проблема емес.

Аға, кезінде малдың етімен қоса, терісі, жүні де зерде қалмайтын. Ал, қазір бұлар қажет болмай қалды...

Иә, әзірге малдың еті мен сүті ғана бағалы, терісі мен жүнін өңдеу қолға алынбай отыр. Егер көзін тауып, дайын шикізатты келуге асырса, жеңіл оңалысқа дайындалу бірден-бір жолы ғой. Осы күні үйде балалар азын-аулақ қой ұстап отыр, кілең ақ қой. Жылқына екі рет қырқылады, ал жүнін өртеп жібереді. Ертеректе киіз үйдiң жабуын басуға ақ қойдың жүнін «шаммен іздеп» таба алмайтын. Сол сияқты, қарақөл терісі қандай құнды еді, қазір мұны да керек етіп жатқан адам жоқ.

Баяғыда, ғылым мен техника дамымай тұрғанда ата-бабамыз төрт түлкінің өнімін түгел келуге асыратын. Мысалы, еті мен сүті — ас-ауқат, терісі — төсеніш, жүнінен киіз басып, жіп іріп, кілем, алаша, шекпен тоқитын. Ал, сүйегінен сақар қайнатып, сабын жасайтын. Қарап отырсақ, қазір бұл жұмыстарды атқару әлдеқайда оңай, түрлі техникалар мен технологиялар бар. Қажетті шикізат та қолымызда тұр. Ендiгi айтпағымыз, осыны кәсіпке айналдыратын деген адамға ең алдымен ынта керек, сосын қаражат қажет. Ол үшін әрiне, мемлекеттiң қолдауы маңызды.

Садық Әуілұлы, ашық әңгімеңізге рахмет. Жайылым мәселесі жекпідан жылға қиындап барады. Әңгіме барысында айтылған іс-тәсірiбелдерден мамандар, мал иелері қажетiн алап, кәсiбiне пайдаланар деген ойдамыз. Өйткені, бiз үйiн ауылдың және ондағы адамдардың шаруа жайы өте маңызды. Түлік өсіруге де тәртіп керек. Онысы даму, шаруашылықтарда ілгерілеу болмайды. Оныңызың төркіні осыған санды деп түйiндiеік.

— Дұрыс айтасыз.

Өңгімелескен Фазиза ӘБІЛДА, «Сыр бойы», Жалағаш

Аудан жаңалықтары



СЕКСЕУІЛДІҢ ӨНІМІНЕ СҰРАНЫС ЖОҒАРЫ

АРАЛ

Сексеуіл кентінде өндірілген түйе сүті мен шұбат Нұр-Сұлтан, Шымкент қаласы және Ақтөбе облысына жөнелтілуде. Сапасы жоғары табиғи өнімге сұраныс жоғары.

Сексеуіл кентіндегі кәсіпкерлік саласында оң серпіп байқалады. Қазіргі таңда кентте 486 кәсіпкер бар. Соның бірі — Дәулет Шымкенов. Былтырдан бастап осы кәсіпті дөңгелестіріп келеді. Жоба «Даму» қоры арқылы «Бизнестің жол картасы-2025» мемлекеттік бағдарламасы аясында қолдау тауып, шех жұмысы сәтті жүре бастады. Алдағы уақытта кәсіпкер шағын цехты ұлғайтып, түйе сүтінен шоколад жасауды жоспарлап отыр.

АКТИВ ОТЫРЫСЫ

ҚАЗАЛЫ

Аудан әкімдігінде актив отырысы өтті. Оған дербес бөлім және мекеме-кәсіпорын басшылары, Әйтеке би кенті мен Қазалы қаласы әкімдері қатысты.

Жиында Мемлекет басшысының төрағалығымен өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында берілген тапсырмалар мен жүктелген міндеттерді орындау мәселелері талқыланды. Мәжіліс барысында мемлекеттік органдар мен бөлім басшыларына қала, кент әкімдерімен бірлесіп, баға тұрақтылығын сақтау, көмекке мұқтаж отбасыларға жан-жақты әлеуметтік қолдау көрсету, құқық бұзушылықтың алдын алу және оны болдырмау мақсатындағы профилактикалық шараларды тұрақты ұйымдастырып отыру жүктелді.

СПОРТ КЕШЕНІ ТАМЫЗДА БЕРІЛЕДІ

ҚАРМАҚШЫ

Кенттегі бұқаралық-көпшілік спортты дамыту үшін салынған жатқан спорт кешенінің құрылысын мердігер мекеме «Сапақ» ӨК жүргізуде. Тапсырыс беруші — аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі. «Әсем-Құрылыс-Қызылорда» ЖШС — техникалық қадағалаушы. Құрылыс жұмыстары бытыр қазан айында басталған.

Қазір құрылыс жұмыстарына 25 адам тартылған. Барлығы дерлік осы ауданның жігіттері. Құрылыс тамыздың соңына дейін толық аяқталады, — дейді «Сапақ» ӨК басшысы Бекболат Есанов.

«ЕҢБЕК ТҮБІ — БЕРЕКЕ»

ЖАЛАҒАШ

Егін егу маусымы басталар алдында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев азық-түлік қорын көбейту және сұрттан алатын өнімдерге деген тәуірділікті азайту үшін әр аудан, қаладағы ауылдарға егін егуге арнайы жер дайындауды және бақша дақылдарын егуді тапсырған еді.

Нәтижесінде, Ақсу ауылдық округіне қарасты «Бостай», «Ақ бостай» уақаскелерінен 12 гектар жер дайындалып, 87 адамға үлестіріліп берілген болатын.

Аудан әкімі Аскарбек Есжанов егістік алқабына барып, бау-бақша дақылдарын баптау жұмыстарымен танысты. Сонымен қатар, бақша дақылдарын егумен айналысатын кент тұрғынымен кездесіп, пікірлесті.

КІШІ ФУТБОЛДАН ТУРНИР

СЫРДАРІЯ

Аудандық денешынықтыру және спорт бөлімі мен Сырдария аудандық казак күресі федерациясының ұйымдастыруымен казак күресінен спорт шеберіне үміткер Сабыржан Жұртшыбаевты еске алуға арналған кіші футболдан турнир өтті.

Жарысқа 6 команда, 72-ге жуық спортшы қатысты. Жарыс нәтижесі бойынша I-орынды №12 Өрт сөндіру бөлімі жеңіп алса, 2-орын аудандық аурухана командасына бұйырды, ал 3-орынды 1993 жылғылар командасы қанағат тұтты. Жарыс жеңімпаздары мен жүлдегерлерімен Сырдария аудандық денешынықтыру және спорт бөлімі кубок, медаль және Алғыс хаттармен марапаттады.

ЖАРЫҚ ШАМДАРЫ ЖАҢАРТЫЛУДА

ШИЕЛІ

Ауданда көше жарықтарын ауыстыру жұмыстары жүргізілуде. Көп көшелерге бұрынғыдан үнемді әрі қуаты жоғары болатын светодиодты шамдар орнатылуда.

Қазіргі таңда Ж.Аймауытов көшесіндегі 16 дана, Ш.Құдайбердіұлы көшесіндегі 20 дана, Н.Бексезенов көшесіндегі 18 дана, Жайлыбаев көшесіндегі 42 дана, одан бөлек тағы 48 дана түнші жарық шамы ауыстырылды. Алдағы уақытқа тағы басқа көшелер жоспарға қойылған.

ЖАС КЕЛІНДЕР БАЙҚАУЫ

ЖАҢАҚОРҒАН

Ауданда «Әдепті келін — әдемі» жас келіндер байқауы өтті. Кент, ауылдық округтерден жас келіндер бақ сынасты.

Байқаудың ережесі бойынша қатысушылар «Таныстыру», өз өнерлерін көрсету, сұрақ-жауап кезеңі және салт-дәстүр бойынша білімдерін ортаға салды. Байқау қорытындысы бойынша I орын жайылмалық Тұрсынай Мағауиқызына бұйырды. II орынды Сүттіқұдық ауылынан келген Асылзат Мұстафаева иеленсе, III орынды кент тұрғыны Айнур Мәден қанағат тұтты. Барлық қатысушылар Алғыс хаттармен және ынталандыру сыйлықтарымен марапатталды. Дайындаған: Шынар БЕКБАН, «Сыр бойы»



ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ
«11» шілде 2022 ж. № 112 Қызылорда қаласы 17 сессия

2021 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ОБЛЫСТЫҚ БЮДЖЕТТІҢ АТҚАРЫЛУЫ ЖӨНІНДЕГІ ЕСЕПТІ БЕКІТУ ТУРАЛЫ

2021 жылға арналған түзетілген облыстық бюджет кірістер бойынша 100,2 пайызға атқарылған (420 045 275,6 мың теңге жоспар 420 857 113,8 мың теңге орындалған), оның ішінде бюджеттің өз кірістері 102,2 пайызға (36 588 380,4 мың теңге жоспар 37 408 119,3 мың теңге) орындалып, 819 738,9 мың теңге артық түскен.

2021 жылдың қорытындысымен облыстық бюджет шығындар бойынша (бюджеттік кредиттер мен қаржылық активтерді сатып алуды қоса алғанда) 99,1%. Жете игерілмегені 4 077 497,9 мың теңге, оның ішінде бюджет қаражатының үнемделгені 2 401 139,6 мың теңгені құрады, субъективті себептермен игерілмегені 1 676 358,3 мың теңге.

Бюджет қаражатын субъективті себептермен игермегендер қатарында: «Қызылорда облысының құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы» мемлекеттік мекемесі – 959 783,1 мың теңге, «Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» мемлекеттік мекемесі – 781 949 мың теңге, «Қызылорда облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі – 242 941,8 мың теңге, «Қызылорда облысының полиция

департаменті» мемлекеттік мекемесі – 158 233,7 мың теңге, «Қызылорда облысының жұмылдыру дайындығы басқармасы» мемлекеттік мекемесі – 99 690,1 мың теңге, «Қызылорда облысының табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, азаматтық қорғаныс саласындағы уәкілетті органдардың аумақтық органы» мемлекеттік мекемесі – 70979,7 мың теңге, «Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі – 45127,3 мың теңге, «Қызылорда облысының мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасы» мемлекеттік мекемесі – 30127,2 мың теңге, «Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» мемлекеттік мекемесі – 8712,9 мың теңге, «Қызылорда облысының жолаушылар көлігі және автомобильдер жолдары басқармасы» мемлекеттік мекемесі – 2000,8 мың теңге, «Қызылорда облысының дін істері басқармасы» мемлекеттік мекемесі – 1604,0 мың теңге.

Сонымен қатар, республикалық және облыстық бюджеттерден аудандар мен Қызылорда қаласына бөлінген нысаналы трансферттер бойынша 2 558 383,2 мың теңге игерілген. Бюджет қаржысын игеруде 1 896 244,9 мың

теңге дебиторлық және 746 397,5 мың теңге кредиторлық қарыз қалыптасқан. «Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі» Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы № 95-IV кодексінің 130-бабының 3-тармағына және «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 заңының 6-бабының 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес Қызылорда облыстық мәслихаты ШЕШІТІ:

- 1. 2021 жылға арналған облыстық бюджеттің атқарылуы жөніндегі есеп 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес мынадай көлемде бекітілсін:
1) кірістер – 420 857 113,8 мың теңге, оның ішінде: салықтық түсімдер – 29 717 876,7 мың теңге; салықтық емес түсімдер – 7 395 769,9 мың теңге; негізгі капиталды сатудан түскен түсімдер – 294 472,7 мың теңге; трансферттер түсімі – 383 448 994,5 мың теңге;
2) шығындар – 419 483 934,8 мың теңге;
3) таза бюджеттік кредиттеу – 1 642 360,2

мың теңге, оның ішінде; бюджеттік кредиттер – 14 215 169,5 мың теңге; бюджеттік кредиттерді өтеу – 12 572 809,3 мың теңге;

4) қаржылық активтермен операциялар бойынша сальдо – 1 251 929,0 мың теңге, оның ішінде; қаржы активтерін сатып алу – 1 251 929,0 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – -1 521 110,1 мың теңге;
6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 1 521 110,1 мың теңге, оның ішінде; қарыздар түсімі – 12 630 204,0 мың теңге; қарыздарды өтеу – 8 805 541,7 мың теңге; бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – -2 303 552,2 мың теңге.

2. Қызылорда облысының экономика және қаржы басқармасының 2021-2025 жылдарға арналған Қызылорда облысын дамыту бағдарламасының нысаналы индикаторларына қол жеткізуі баяндамасы қаперге алынсын.

3. Қызылорда облысының тексеру комиссиясының 2021 жылға арналған облыстық бюджеттің атқарылуын бақылау нәтижелері туралы есебі бекітілсін.

4. Қызылорда облысының әкімдігіне:
1) қаржының игерілмеуіне жол берген бюджеттік бағдарлама әкімшілеріне ағымдағы қаржы жылның көрсеткіштерін жақсарту бойынша тиісті шаралар қабылдау;

2) Облыстық басқармалар (бюджеттік бағдарламалар әкімшілері) басыпшыларына және аудандар және Қызылорда қаласының әкімдеріне бөлінген қаржыны, оның ішінде нысаналы трансферттерді игеруі және оларға мониторинг жүргізу жауапкершілігін жүктеу;

3) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес бюджеттік жоспарлаудың және бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) іске асыру мониторингін нәтижелері бойынша ұсынылатын есептердің сапасын арттыру;

4) Қызылорда облысын дамыту бағдарламасын іске асыру және бюджеттің атқарылуы барысында кемшіліктерді болдырмау мақсатында тиісті шаралар қабылдау ұсынылсын.

5. Осы шешім қабылданған күннен бастап қолданыса енгізіледі және ресми жариялауға жатады.

Қызылорда облыстық мәслихатының мәслихатының хатшысы Н.БАЙҚАДАМОВ

Қызылорда облыстық мәслихатының 2022 жылғы 11 шілдедегі № 112 шешіміне 1-қосымша

2021 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ОБЛЫСТЫҚ БЮДЖЕТТІҢ АТҚАРЫЛУЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП

Table with 6 columns: Бюджеттік бағдарламаның кодтары, Атауы, Есепті қаржы түзетілген бюджет, Кассалық атқарылуы, Айырмасы (4бағ.-3бағ.), Орындалу пайызы. Rows include categories like Кірістер, Салық түсімдері, Табыс салығы, Төлем көзінен салық салынатын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы, etc.

Table with 6 columns: Code, Description, Value 1, Value 2, Value 3, Value 4. Rows include descriptions like Облыстық бюджеттен қаржыландыратын мемлекеттік мекемелер салатын әкімшілік айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріш алулар, Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың ішкі істер департаменттері, олардың аумақтық бөлімшелері салатын әкімшілік айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріш алулар, etc.

Table with 6 columns: Code, Description, Value 1, Value 2, Value 3, Value 4. Rows include descriptions like Республикалық бюджеттен ауыл, су, орман, балық шаруашылығына, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғауға, жер қатынастарына берілетін субвенциялар, Республикалық бюджеттен өнеркәсіпке, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметіне берілетін субвенциялар, etc.

Table with 6 columns: ID, Description, Value 1, Value 2, Value 3, Value 4. Rows include various categories like 'Областың денсаулық және туризм басқармасы', 'Жергілікті деңгейде кәсіпкерлік пен туризмді дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер', 'Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету басқармасы', 'Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер', 'Қорғаныс', 'Әскери мұқтаждар', 'Областың жұмылдыру дайындығы басқармасы', 'Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар', 'Аумақтық қорғанысты дайындау және облыстық ауқымдағы аумақтық қорғаныс', 'Төтенше жағдайлар жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру', 'Областық бюджеттен қаржыландырылатын табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, азаматтық қорғаныс саласындағы уәкілетті органдардың аумақтық қорғаныс және ведомстволық бағынасты мемлекеттік мекемелерінің күрделі шығыстары', 'Областың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы', 'Жұмылдыру дайындығы және төтенше жағдайлар объектілерін дамыту', 'Областың жұмылдыру дайындығы басқармасы', 'Жергілікті деңгейде жұмылдыру дайындығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер', 'Областық ауқымдағы жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру', 'Областық ауқымдағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою', 'Ведомстволық бағынасты мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары', 'Әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою үшін жергілікті атқарушы органның төтенше резерві есебінен іс-шаралар өткізу', 'Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі', 'Құқық қорғау қызметі', 'Областық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы ішкі істер органы', 'Облыс аумағында қоғамдық тәртіпті және қауіпсіздікті сақтауды қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер', 'Мемлекеттік органның күрделі шығыстары', 'Областың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы', 'Қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік объектілерін салу', 'Білім беру', 'Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту', 'Областық білім басқармасы', 'Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету және оларда медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру', 'Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға', 'Областың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы', 'Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту объектілерін салу және реконструкциялау', 'Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру', 'Областың білім басқармасы', 'Арнайы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша жалпы білім беру', 'Мамандандырылған білім беру ұйымдарында дарынды балаларға жалпы білім беру', 'Балалар мен жасөспірімдерге қосымша білім беру', 'Мемлекеттік бастауыш, негізгі және жалпы орта білім беру ұйымдарында жалпы білім беру', 'Ауылдық жерлерде оқушыларды жақын жердегі мектепке дейін тегін алып баруды және одан алып қайтуды ұйымдастыру', 'Байқоңыр қаласында қазақ тілінде білім беру ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету', 'Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында жан басына шаққандағы қаржыландыруды іске асыруға', 'Областың дене шынықтыру және спорт басқармасы', 'Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру', 'Мамандандырылған білім беру ұйымдарында спорттағы дарынды балаларға жалпы білім беру', 'Областың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы', 'Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру объектілерін салу және реконструкциялау', 'Қосымша білім беру объектілерін салу және реконструкциялау', 'Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру', 'Областың денсаулық сақтау басқармасы', 'Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандар даярлау

Table with 6 columns: ID, Description, Value 1, Value 2, Value 3, Value 4. Rows include 'Областың білім басқармасы', 'Орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандар даярлау', 'Мамандарды қайта даярлау және біліктіліктерін арттыру', 'Облыс әкімінің аппараты', 'Сайлау процесіне қатысушыларды оқыту', 'Областық денсаулық сақтау басқармасы', 'Қадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау', 'Областың білім басқармасы', 'Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 - 2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде кадрлардың біліктілігін арттыру, даярлау және қайта даярлау', 'Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру', 'Областың денсаулық сақтау басқармасы', 'Жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мамандар даярлау және білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету', 'Областың білім басқармасы', 'Жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мамандар даярлау және білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету', 'Білім беру саласындағы өзге де қызметтер', 'Областың білім басқармасы', 'Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер', 'Мемлекеттік білім беру ұйымдарында білім беру жүйесін ақпараттандыру', 'Областық мемлекеттік білім беру мекемелері үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу', 'Областық аумақтық олимпиадаларын, мектептен тыс іс-шараларды және конкурстарды өткізу', 'Балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын зерттеу және халыққа психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялық көмек көрсету', 'Ламауында проблемалары бар балалар мен жасөспірімдердің оялту және әлеуметтік бейімдеу', 'Областық мемлекеттік білім беру мекемелеріне жұмыстағы жоғары көрсеткіштері үшін гранттар беру', 'Білім беру жүйесін әдістемелік және қаржылық сүйемелеу', 'Ведомстволық бағынасты мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары', 'Халықтың компьютерлік сауаттылығын арттыруды қамтамасыз ету', 'Нұрсұлтан Назарбаев Қорының «EL UMPT» таланттарын анықтау және қолдау бастамасын іске асыру', 'Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-ананың қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) асырап алғаны үшін Қазақстан азаматтарына біржолғы ақша қаражатын төлеуге арналған төлемдер', 'Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ақтауға қамқоршыларға (қорғаныштарға) ай сайынғы ақшалай қаражат төлемі', 'Денсаулық сақтау', 'Халықтың денсаулығын қорғау', 'Областың денсаулық сақтау басқармасы', 'Ана мен баланы қорғау жөніндегі қорғаныс қызметтер', 'Салауатты өмір салтын насихаттау', 'Областың денсаулық сақтау басқармасы', 'Мамандандырылған медициналық көмек', 'Областың денсаулық сақтау басқармасы', 'Халықа имундық профилактика жүргізу үшін вакциналарды және басқа медициналық имундық биологиялық препараттарды орталықтандырылған сатып алу және сақтау', 'Емханалар', 'Областың денсаулық сақтау басқармасы', 'Республикалық бюджет қаражаты есебінен көрсетілетін көмекті қоспағанда ауылдық денсаулық сақтау субъектілерінің амбулаториялық-емханалық қызметтерді және медициналық қызметтерді көрсетуі және Call-орталықтардың қызмет көрсетуі', 'Медициналық көмектің басқа түрлері

Table with 6 columns: ID, Description, Value 1, Value 2, Value 3, Value 4. Rows include 'Областың денсаулық сақтау басқармасы', 'Областың арнайы медициналық жадықтау базалары', 'Денсаулық сақтау саласындағы өзге де қызметтер', 'Областың денсаулық сақтау басқармасы', 'Жергілікті деңгейде денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер', 'Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету басқармасы', 'Жергілікті деңгейде денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер', 'Азаматтарды елді мекеннен тыс жерлерде емделу үшін тегін және жеңілдетілген жол жүрімімен қамтамасыз ету', 'Денсаулық сақтау саласындағы ақпараттық талдамалық қызметтер', 'Медициналық және фармацевтикалық қызметкерлері әлеуметтік қолдау', 'Медициналық денсаулық сақтау ұйымдарының күрделі шығыстары', 'Жергілікті деңгейде денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер', 'Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету басқармасы', 'Жергілікті атқарушы органы резервінен қаражаты есебінен соттардың шешімдері бойынша жергілікті атқарушы органдардың міндеттемелерін орындау', 'Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру', 'Әлеуметтік қызметтер', 'Областың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы', 'Жалпы үлгідегі медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында қарттар мен мүгедектерге арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету', 'Психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында аурулармен ауыратын мүгедектер үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету', 'Ондалу орталықтарында қарттарға, мүгедектерге, оның ішінде мүгедек балаларға арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету', 'Балалар психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемелерінде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында аурулармен ауыратын мүгедектер үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету', 'Областың білім басқармасы', 'Жетім балаларды, ата-ананың қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтік қамсыздандыру', 'Әлеуметтік сауықтандыру', 'Патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) асырап бағу', 'Әлеуметтік көмек', 'Областың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы', 'Мүгедектерге әлеуметтік қолдау', 'Областың білім басқармасы', 'Жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша білім беру ұйымдарының күндізгі оқу ысынандық оқитындар мен тәрбиеленушілерді қоғамдық қолдау (жаспен басқа) жеңілдіктен жол жүру түрінде әлеуметтік қолдау', 'Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету салаларындағы өзге де қызметтер', 'Областың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы', 'Жергілікті деңгейде жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету және халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер', 'Үкіметтік емес ұйымдарда мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орыналау', 'Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту', 'Қоғаларлық имплаттарға дәлден сойылу профессорларын ауыстыру және келтіру бойынша қызмет көрсету', 'Ведомстволық бағынасты мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары', 'Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер', 'Областың ішкі саясат басқармасы', 'Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012 - 2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын іске асыру



Table with 7 columns: ID, Description, Value 1, Value 2, Value 3, Value 4, Value 5. Rows include various budget items like 'Жергілікті деңгейде еңбек қатынастарын реттеу саясатында мемлекеттік саясатты іске асыру бойынша қызметтер' and 'Түрғын үй-коммуналдық шаруашылық'.

Table with 7 columns: ID, Description, Value 1, Value 2, Value 3, Value 4, Value 5. Rows include budget items like 'Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер' and 'Ауыл шаруашылығы'.

Table with 7 columns: ID, Description, Value 1, Value 2, Value 3, Value 4, Value 5. Rows include budget items like 'Жануарлардың экзотиялық ауруларының профилактикасы мен диагностикасы бойынша ветеринариялық іс-шаралар жүргізу' and 'Ауыл шаруашылығы жануарларын сөйкестендіру жөніндегі іс-шараларды өткізу'.



Table with 6 columns: ID, Description, Value 1, Value 2, Value 3, Value 4. Rows include categories like 'Қала құрылысын дамыту', 'Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер', 'Облыстың мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасы', etc.

Table with 6 columns: ID, Description, Value 1, Value 2, Value 3, Value 4. Rows include categories like 'Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау', 'Облыстың мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы', 'Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау', etc.

Table with 6 columns: ID, Description, Value 1, Value 2, Value 3, Value 4. Rows include categories like 'Облыстың ауыл шаруашылығы басқармасы', 'Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесу үшін бюджеттік кредиттер беру', 'Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, қоршаған ортаны қорғау және жер қатынастары саласындағы басқа да қызметтер', etc.

Жалпықазақ съезін шақырып, ұлттық партия құру туралы бастама 1913 жылы көтерілген. Бастаманы көтерген Райымжан Мәрсекер, Бақытжан Қаратаев, Жаһанша Сейдалинге Әлихан Бөкейхан мен Ахмет Байтұрсынұлы тоқтау айтқан. Әлихан Бөкейхан «Қазақ» газетінде: «Үй өзімдікі деме, үй артында кісі бар» деген қазақтың сөзі бар. Сенің әрбір қадамыңды, әр сөзіңді аңдып отырған билік бар. Жарайды, сендер жалпықазақ съезін шақырасыңдар, онда саясат туралы сөз болмай қоймайды. Соның бәрі биліктің құлағына жетсе, сендердің әрқайсыңды жүргізбейді. Сондықтан бұл әңгімені қоя тұрыңдар. Уақыты келгенде көрерміз!» деп жазған екен.

Тарихшылардың сөзіне сүйенсек, қазақ зиялылары дәл осы I жалпықазақ съезінде сол замандағы қазақ қоғамының ең өзекті мәселелерін көтерген. Күн тәртібіне қойылған он төрт мәселе мемлекеттік құрылысқа, Қазақ автономиясына, жер, халық милициясы, земство, оқу, сот, дін, әйел мәселелеріне, Бүкілресейлік құрылтай жиналысы, Бүкілресейлік мұсылмандар кеңесі, Қазақ саяси партиясы, Жетісу оқиғасы, Киевте өтетін Бүкілресейлік федералистер съезіне және Санкт-Петербургтегі оқу комиссиясына қазақтан өкіл жіберуге қатысты болды.

Тарихшы Тұрсын Жұртбай съезде көтерілген мәселелердің ең негізгісі жер екенін жазады. «Әлихан Бөкейхановтың ұйғарымы бойынша: «Қазақтың байырғы жерін қашан қазақтар өз бетінше ғылым мен техникаға сүйеніп толық игермейінше, жер жеке меншікке

1-бет



БІРІНШІ ЖАЛПЫҚАЗАҚ СЪЕЗИ

де, қоныстанушыларға да берілмейді! Екінші ұстаным: жердің астындағы, үстіндегі, аспанындағы барлық игілік қазақ мемлекетіне қызмет етуі керек! Үшінші ұстаным: Ә.Бөкейхановтың жобасы бойынша, «Қазақтың жерінде өндірілген «бір уыс жүн сол мемлекеттің азаматтарының үстіне тоқыма болып киілуі» керек, яғни, толықтай экономикалық тәуелсіздік пен бірлікке қол жеткізуге ұтылуы тиіс! Төртінші нысана: қазақ мемлекетінде мемлекет құрушы ұлттың тіл, дін, діл үстемдігі болуы керек, яғни, Х.Досмұхамедовтің пайымдауына жүгінсек, «тәуелсіз сот құрылымы болады, тең және туыстық қарым-қатынастарды қамтамасыз ететін одақтық кагидаттар (заң) жасалады» дейді тарихшы.

Бес күнге ұласқан съезде Алаш зиялылары автономия алу мен тәуелсіздік жариялау туралы пікір таластыраған. Ахмет Байтұрсынұлы мен Міржақып Дулатов Қазақ Республикасы толық тәуелсіздігін жариялау керек десе, Әлихан Бөкейханов бұған көнбеген. Бұл туралы алаштанушылар Мәмбет Қойгелді мен Болат Мұрсәлімнің зерттеулерінде дәлелдер келтірілген. «Әлихан Бөкейхан

заңға сүйене отырып, Жапонияның үлгісіндегі ұлттық-демократиялық мемлекет құру еді, яғни, тағы да сол Х.Досмұхамедовтің пайымдауына жүгінсек: «тәуелсіз сот құрылымы болады, тең және туыстық қарым-қатынастарды қамтамасыз ететін одақтық кагидаттар (заң) жасалады» дейді тарихшы. Бес күнге ұласқан съезде Алаш зиялылары автономия алу мен тәуелсіздік жариялау туралы пікір таластыраған. Ахмет Байтұрсынұлы мен Міржақып Дулатов Қазақ Республикасы толық тәуелсіздігін жариялау керек десе, Әлихан Бөкейханов бұған көнбеген. Бұл туралы алаштанушылар Мәмбет Қойгелді мен Болат Мұрсәлімнің зерттеулерінде дәлелдер келтірілген. «Әлихан Бөкейхан

сол тұстағы қоғамдық-саяси ахуалды өте терең әрі жақсы түсінген. Әлекең былай деді: «Қазақ жерінде қоныс аударушы орыс шаруалары мен орыс қазақтарының саны басым әрі олардың қолында қару бар. Және билік те солардың жағында. Біз әуелі оларды ішке тартып, «біз сендерді ешқайда қумаймыз, сендерге жаулығымыз жоқ, бірігіп мемлекет құрайық, бірлесіп әрекет етейік» деп оларға түсіндірейік. Со-сын барып, тәуелсіздікті жариялайық» деген Әлихан Бөкейхан ұстанымы дұрыс болатын» дейді М.Қойгелді. Съезд қабылдаған қаулыда жоғарыда аталған жерге қатысты шешімдерден басқа «Осы күнгі дайын әскер орнына халық милициясы құрылсын. Жалпы міндетті бастауыш оқу аса қажет. Бастапқы екі жылда оқу

баланың ана тілінде болсын. Мектеп кітаптары болсын, өзге баспасөздер болсын, бәрі де «Қазақ» емлесімен жазылсын» делінген.

Қаулының «Суд мәселесі», «Дін мәселесі», «Әйел мәселесі» деп аталатын тармақтарында «Осы күнгі қазақтың народный суды жоғалсын. Өзгерілетін судтың орнына қазақ тұрмысына лайық айрықша суд құрылсын. Мағлұматты адамдардан жаңа судтың жобасын жасауға әр облыста суд комиссиясы болсын», «Ақмола, Семей, Жетісу, Торғай, Орал һәм Закаспий (Маңғышлақ уезі) облыстарының қазақтары уақытша Орынбор муфтилігіне қарасын. Қазақ бөлімінің істері таза қазақ тілінде жазылсын», «Әйелдер саяси құқықта ерлермен тең болсын. Күйеуге тиіс еркі әйелдің өзінде болсын. Қалың мал жоғалсын. 16-ға толмаған қызға құда түсу болмасын. 16-ға толмаған қызға һәм 18-ге толмаған жігітке молда неке оқымасын. Молда неке оқырда әйел мен еркекті қарама-қарсы қойып ризалықтарын біліп оқысын. Тұл қатын сүйгеніне тиісін, әменгерім деп зорлық қылу болмасын. Екінші қатын аламын деген кісі бұрынғы қатынының ризалығымен алысын. Егер бұрынғы қатыны риза болмай, кетемін десе, басқа байға тигенше бұрынғы байы оны бағып-қақсын. Жеті атаға келмеген жерде қазақ қыз алмасын» деген, тағы да басқа шешімдер қабылданған. Бірінші жалпықазақ съезі осылайша тәуелсіздікке ұмтылған ерлердің ерік-жігері жария болған, «Алаш» партиясын тарих сахнасына шығарған, ел тағдырына қатысты шешімдер қабылданған басқосу ретінде қазақ жылнамасына жазылды.

Сексенәлі Раханов



2022 жылдың 21 шілдесінде еліміздің білім саласының құрметті қызметкері, Қызылорда облысының құрметті қайраткері Сексенәлі Раханов дүниеден озды.

Сексенәлі Раханов 1945 жылы Жаңақорған ауданы Бірік ауылында дүниеге келген. 1963-1964 жылдары Шіелі ауданындағы №97 селолық кәсіптік-техникалық училищесінде, 1967-1971 жылдары Қызылорда қаласындағы Н.Гоголь атындағы мемлекеттік педагогикалық институтында оқыған.

1971-1976 жылдары қала, облыс бастауыш комсомол ұйымдарында хатшы, 1973-1976 жылдары Қазақстан ЛКСМ облыстық комитетінің бөлім басшысы, 1976-1979 жылдары №69 кәсіптік-техникалық білім беру училищесінің директоры, 1979-1987 жылдары облыстық кәсіптік-техникалық білім беру басқармасы бастығының бірінші орынбасары, 1987-2002 жылдары №9 кәсіптік-техникалық мектеп-лицейінің директоры, 2002-2005 жылдары №7 кәсіптік-техникалық лицейінің директоры, 2005-2008 жылдары №8 облыстық арнаулы санаториялық мектеп-интернатының директоры, 2008-2010 жылдары М.Мометова атындағы гуманитарлық колледж директорының орынбасары, 2010 жылдан зейнеткерлікке дейін «СПФ Монтажспецстрой» ЖШС жанындағы аймақтық кәсіптік оқыту орталығының бастығы қызметтерін атқарған.

Оның ел мүддесі жолындағы еселі еңбегі мемлекет тарапынан лайықты бағаланып, «Қазақстан Республикасы білім саласының құрметті қызметкері», «Қызылорда облысының құрметті қайраткері» атағымен марапатталған. «Гасыр адамы» байқауында «Шабаттың шыққан пшынна» номинациясының және Сұлтанбек Қожанов сыйлығының иегері. Халықаралық Жазушылар одағының мүшесі.

Білім саласының мейталманы Сексенәлі Рахановтың ғұратты ғұмыры, өнегелі қызмет жолы, жасаған еңбегі мен жарқын бейнесі ел жанды ұзақ сақталатын болады. Ағамыздың ағайын-туыстарына, отбасына және барша жақындарының қайғысына ортақтасып, көңіл айтамыз.

Қызылорда облысының әкімдігі, облыстық мәслихат, облыстық қоғамдық кеңес және облыстық ардагерлер кеңесі



ШАХМАТ

Халықаралық турнирде топ жарды

16-25 шілде аралығында Сербияның Белград қаласында шахматтан «SVETOZAR GLIGORIC MEMORIAL» халықаралық турнирі өтті.

Турнирге 28 мемлекеттен 320 спортшы қатысты.

Интеллектуалдық ойын қорытындысымен шахматтан Әлем чемпионы, Сыр мақтаншы Назерке Нұрғали өз мықтылығын тағы да дәлелдеп, 1-орын иеленді! Жас гроссмейстеріміз Әсел Серікбай жүлделі 3-орын алды.

АУЫР АТЛЕТИКА

Зілтеміршілер тағы да жүлде еншіледі

Бұған дейін де 15-25 шілде аралығында Өзбекстанның Ташкент қаласында ауыр атлетикадан 20 жасқа дейінгі жастар арасында Азия чемпионаты өтіп жатқанын айтқан болатыбыз. Сол байрақты бәсекеде Сыр спортшылары тағы да тұғырдан көрінді.

Жерлесіміз Айсамал Сансызбаева (+87 кг) жүлді көтеруден 104, серпе көтеруден 130 келіні бағындырып, қоссайыс нәтижесімен (234 келі) 2-орын алды. Сондай-ақ, Динара Қышпақбай (81 келі) жүлкі көтеруден 89, серпе көтеруден 111 келіні еңсеріп, қоссайыс нәтижесімен (200 келі) 3-орын иеленді.

Олардың жаттықтырушылары – Альберт Хакимуллин, Азамат Мақаш, Мұхаммед Тұрысбеков, Арман Абдраев, Айдос Базарбайұлы.

САМБО

Чемпионаттан олжалы қайтты

21-24 шілде аралығында Ақтау қаласында самбодан 2006-2007 жылдары туған кіші жасөспірімдер арасында ҚР чемпионаты өтті.

Чемпионат қорытындысы бойынша Сыр спортшылары 6 алтын, 6 күміс, 5 қола жүлде еншілеп, командалық есепте ұлдар 2-орын, қыздар 1-орын алды.

Ұрпақтар сабақтастығының алтын тіні



Отбасы – берекесі мен бірлігі, тәлім-тәрбиесі қалыптасқан шағын мемлекет. Адам баласының тіршілікпен танысатын алғашқы бастау бұлағы.

Шынар БЕКБАН,
«Сыр бойы»

Құндылықтарды мемлекеттік деңгейде мерейін асыра насихаттау жұмыстары жолға қойылып келеді. Быыл «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауының облыстық сайысына аудандардан бірнеше отбасы жолдана алып отыр. Олардың барлығы да «Мерейлі отбасы» деген атқа лайық. Сарыбаевтар отбасылық ансамблі сонау 80-жылдардың бел ортасында құрылып, халықтық атағын алып та қойған. 1987 жылы Алматы, 1991 жылы Украина сахнасында өнер көрсетіп, отбасылық ансамбльдер арасында өткен бүкілодақтық сайыста жүлделі бірінші орынды қанжығаға байлаған. Содан



бері аймақ мәдениетінің дамуына сүбелі үлес қосып келеді. Ансамбль жетекшісі Өмірбек Сарыбаев – бүгінде алыстың асуын бағындырған талант иесі.

– Келешекте ізімізді басып келе жатқан жастар көбейе берсін деген тілегім бар. Елдің тыныштығы мен татулығына ерекше мән беріп, отбасы құндылықтарының құлдырамауын қадағалап, осындай ұрпаққа қажетті ұлттық байқаулардың өтуіне бас-көз болып, бізге құрмет көрсетіп

жатқанына алғысымыз айтқанын жеткізіп келеді, – деді Ө.Сарыбаев.

Негізі халықтық отбасылық ансамбль мүшелері кәсіби музыка мамандары емес. Атаның қанымен, ананың сүтімен бойға өнер дарыған тума таланттар. Таңдаған мамандықтары сан-салалы, кәсіптері де әртүрлі.

Ән мен жырдың асыл мекенінен шыққан талантты перзенттер қазақ өнері мен мәдениетінің дамуына өзіндік үлесін қосып келеді.

Бүгінде елдің алғысына бөленген мерейлі әулетке айналды.

– Қоғамда осындай рухани-әлеуметтік діндегі берік отбасы құндылықтарын насихаттау үшін 2013 жылдан бері «Мерейлі отбасы» байқауы өткізіліп келеді. Бұл – мазмұны мен тәрбиелік жағынан өзгеше іс-шара. Аға буынға «артымда қандай ұрпақ қалдырам?» деген ой салып, жас буынды әке салған жолды жайғана жалғастырып қоймай, тың идеялармен байы-

Конкурс өткізу туралы хабарландыру

Конкурсты ұйымдастырушы: «Қызылорда облысының кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы» КММ
Электрондық пошта мекенжайы: dkb401059@mail.kz
байланыс телефоны: 8 (724) 260-54-08, 40-11-91 (5778).

Конкурстың нысанасы: 2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық

жоба шеңберінде шағын кәсіпкерлер, оның ішінде ісін жаңа бастаған кәсіпкерлерге, жас кәсіпкерлерге (өз бизнесін құруға) мемлекеттік гранттар беру.

Конкурс нысаны: ашық конкурс.
Конкурсқа қатысу үшін өтінімдер беру орны: Qoldau.kz бизнес үшін цифрлық платформа.

Конкурстық құжаттаманы ұсыну тәртібі: конкурсқа қатысу үшін үміткерлер бекітілген нысан бойынша электрондық өтінім мен конкурстық құжаттаманың толық топтамасын ұсынады.

Өтінімдерді ұсыну мерзімдері: 2022 жылғы 1 тамыздан бастап 2022 жылғы 19 тамыз аралығында.

Көрсетілген мерзім өткеннен кейін келіп түскен өтінімдер қабылдануға жатпайды.

Осы хабарландырумен және конкурстық құжаттамамен облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының gov.kz ресми сайтында, сондай-ақ facebook, instagram (business.kzo) әлеуметтік желісіндегі парақшаларында танысуға болады.

www.facebook.com/syrboyi.kz/

https://twitter.com/syrboyi

www.instagram.com/syrboyi.kz



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)
БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:

руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифициқталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу күші №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.